

Ұйғыр ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 маусымдағы N 35-3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ұйғыр ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 30 шілдеде N 2-19-104 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 43-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010.12.22 N 43-7 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұйғыр ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен отын сатып алуға бес айлық көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек **т ө л е н с і н .**

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы	Т. Кадыров	
	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы	М. Нуров	